ҚАРАТӨБЕ
АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КАРАТОБИНСКОГО
РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2022 жылғы 14 маусым

№ 73

Қаратөбе а.

с. Каратобе

**«Қаракөл ауылдық округі әкімі аппараты»
мемлекеттік мекемесіне жер беру туралы**

Қазақстан Республикасының Жер кодексін, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, «Қаракөл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің сұранысы және жер учаскелерін меншікке немесе жерді пайдалануға беру туралы ұсыныстарды қарау жөніндегі аудандық комиссия отырысының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №111 қорытындысына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қаракөл ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне Қаратөбе ауданы, Қаракөл ауылдық округінің босалқы және ауыл шаруашылығы жерлерінен Қаратөбе – Ақтай-сай аудандық маңызы бар автомобиль жолы бойынан Алакөл ауылына дейінгі кірме жолына қызмет көрсету үшін барлығы 1,5 га (соның ішінде тұрақты - 0,2616 га, (ұзындығы -436 м, ені – 6 м, сервитут («Жуанбай» ш/қ) – 1,2384 га (ұзындығы – 2064 м, ені -6 м,) жер учаскесі берілсін.

2. Ауданның жер қатынастары бөлімі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Жер пайдаланушыға жер учаскесінің экологиялық – санитарлық және өрт қауіпсіздігін сақтау міндеттелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Тулеповке жүктелсін.

Аудан әкімі **Қ.Сүйеуғалиев**

000916